

Абай жолы – қазақ жолы

Жақында Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» деп аталатын мақаласын талдау және студенттерге таныстыру мақсатында «Абай жолы – қазақтың жолы» атты дөңгелек үстел болып өтті.

Кез келген ұлттың болашақ тағдыры оның тілі, діні, рухани байлығы, тарихы, әсіресе ұлттық санасына байланысты. Осы тұрғыдан биылғы 2020 жыл қазақ халқы үшін айтулы, тарихи даталарға толы жыл болғалы тұр. Осы процесте ұлттың ұлы тұлғаларының алатын орны мен манызы туралы айту және білу – күн тәртібіндегі тақырып болуы керек. Себебі, қаншама жерден

тарихты жасайтын халық дегенімізбен, сол тарихтың бел ортасында жүріп, адасқан халықтың жолбастаушысына, ақыл-кеңесшісіне айналған ұлы тұлғалардың алар орны, тарихта қалдырған ізі ерекше екендігі рас. Сондай ірі тұлғаларымыздың бірі – Абай Құнанбайұлы.

Абай шығармалары ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамының айнасы десек, қателеспейміз. Қазақты танығың келсе – Абайды оқы. Бұл өзін қазақтың дейтін әрбір азаматтың күнделікті принципіне айналуы керек. Себебі, қазақ қоғамының қазіргі уақыттағы шешімін таба алмай келе жатқан рухани күнделікті бағдарына байланысты сұрақтарын осыдан 100 жылдан аса уақыт бұрын Абай қозғап, оның тиімді жолын көрсеткен болатын. Ол білімге, ғылымға, тәрбиеге, дінге, психологияға байланысты мәселелердегі қазақтың орнын көрсетіп отырып, жанына бататындай

сынап, оятуға тырысып, қайткен күнде халқын алдыңғы қатардан көруге тырысты. Соған бар күшін де, қайратын да, білімін де, қызметін де арнады.

Егер де өзін қазақ халқының бір өкілімін дейтін әрбір қазақ Абайдың даналыққа толы сөздерін жай оқып қана қоймай, ой елегінен өткізіп, қазіргі заман тұрғысынан салыстыра зерделей білсе, сонда ғана өте ілкімді, өзіне сенімді, ізгілік пен жақсылыққа ұмтылатын «толық адамдардың» саны көбейген болар еді.

Сондықтан дөңгелек үстел соңында қатысушылар Абайдың жолы – қазіргі таңдағы барша қазақ үшін рухани жаңғыру жолы болуы керек деген қорытындыға келді.

Р.Аймағамбетұлы,
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің директоры.